

## Мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 41 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6277 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 12.12.2013 № 410 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 07.12.2018 № 862 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 12.12.2013 № 410 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Мемлекеттік стандарттау жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 106 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3639 тіркелген, 2005 жылы 5 қарашада "Ресми газетінде" № 46 (254) жарияланған) күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Ғ.М. Мұхамбетов) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.С. Камалиевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің  
міндетін атқарушы

А. Рау

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа технологиялар  
министрі міндетін атқарушының  
2010 жылғы 23 сәуірдегі № 41  
бұйрығымен бекітілген

## **Мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу қағидасы**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 12.12.2013 № 410 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы Мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 25-бабына сәйкес әзірленген және мемлекеттік стандарттау жоспарларын (бұдан әрі - Жоспар) әзірлеу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағида мемлекеттік органдарға, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерге, меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғаларға таратылады.

### **1. Жалпы ережелер**

3. Жоспар 3 жылға әзірленіп, бекітіледі, жыл сайын енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар ескеріліп қайта қаралады.

4. Жоспарда:

- 1) стандарттардың мемлекетаралық жіктеуіші (МЖ (ИСО/ИНФКО МСЖ) 001 -96) бойынша коды;
- 2) стандарттау жөніндегі нормативтік құжат жобасының атауы;
- 3) әзірлеу негіздемесі;
- 4) негізгі нормативтік база;
- 5) жұмысты орындау мерзімдері;
- 6) қаржыландыру көзі;
- 7) ұсыныс-өтінімді берген өтініш беруші - ұйым.

5. Жоспар Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында, оның ішінде техникалық регламенттерге дәлел қор құру, халықаралық стандарттарға көшу арқылы жалпы ұлттық сипаттағы міндеттерді, жұмыстар, қызметтер көрсету, процестер, бәсекеге қабілетті өнімді өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік құжаттарда бар талаптардың қайталануын болдырмау мақсатында әзірленеді.

6. Жоспарды техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган), техникалық реттеу субъектілерінің, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының экономика салаларының қажеттіктерін есепке алып, қолданыстағы нормативтік құжаттарға алдын ала талдау жүргізу негізінде техникалық регламенттерге дәлел қор қалыптастыру және дамыту және техникалық реттеу бойынша мүдделі субъектілерді (өнім өндірушілер, тұтынушылар) тарта отырып, ұлттық стандарттарды және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу қажеттіліктерін есепке ала отырып әзірлейді.

7. Жоспарларды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптар, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары ескеріледі.

## **2. Жоспарды әзірлеу және бекіту**

8. Жоспарда ұлттық стандарттардың мынадай түрлері мен стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттар қамтылады:

1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің жалпы ұйымдастыру-әдістемелік ережелерін белгілейтін негізге алынатын стандарттар;

2) өнімдер, қызметтер көрсетудің біртекті топтарына және қажет жағдайда нақты өнімге, қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін өнімге, қызметтер көрсетуге арналған стандарттар;

3) процестерге арналған стандарттар;

4) өнімді, қызметтер көрсетуді, процестерді бақылау әдістеріне арналған стандарттар;

5) Қазақстан Республикасы техникалық-экономикалық ұлттық ақпараттың жіктеуіштері;

6) өңірлік стандарттар.

9. Алдымыздағы жылдың 1 қарашасына дейін стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және техникалық реттеу субъектілерінің жіберетін

ұсыныс-өтінімдерін, уәкілетті орган Жоспарды қалыптастырудың басталғаны туралы ақпаратты [www.memst.kz](http://www.memst.kz) интернет-ресурсында (бұдан әрі Интернет-ресурс) орналастырады.

10. Техникалық реттеу субъектілері жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарына ұсыныс-өтінімдерді (бұдан әрі – ұсыныс-өтінімдер) жібереді.

Осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша стандарт әзірлеуге арналған техникалық-экономикалық негіздеме ұсыныс-өтінімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

11. Мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуге арналған ұсыныс-өтінімдер Мемлекетаралық стандарттау бойынша жұмыстар бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама) қосу үшін Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі бюроға жіберіледі.

12. Ұсыныс-өтінімдер Бағдарламаға қосылғаннан кейін, аталған тақырыптар Жоспарға енгізіледі.

13. Уәкілетті орган келіп түскен ұсыныстарға талдау жүргізеді және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей Жоспар жобасын осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

14. Жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін қалыптастырылған Жоспар жобасын уәкілетті орган Интернет-ресурста техникалық реттеудің барлық мүдделі субъектілері қарастыруы үшін орналастырады. Жоспар жобасын орналастыру туралы уәкілетті орган жазбаша түрде мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына Интернет-ресурсқа орналастырған сәттен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде хабарлайды

15. Уәкілетті орган Жоспар жобасын Интернет-ресурста орналастырғаннан кейін күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімде жазбаша түрде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды қарастыруды жүзеге асырады.

16. Ескертулер мен ұсыныстарды қарастырғаннан кейін уәкілетті орган Жоспар жобасының соңғы редакциясын қалыптастырады және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде уәкілетті орган жанындағы Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссияның (бұдан әрі – ФТК) қарауына ұсынады.

Жоспар жобасына келіп түскен ұсыныс - өтінімдер мен түсіндірме жазба қоса беріледі. Түсіндірме жазбада әзірлеуге келіп түскен ұсыныс - өтінімдердің жалпы санын, себептерін көрсете отырып, қабылданбаған өтінім-ұсыныстардың саны туралы ақпарат, жоспарланған жұмыстарға, белгіленетін басым бағыттарға,

нормативтік құжаттардың санаттары мен түрлеріне, жұмыс түрлеріне, әзірлеушінің жұмысты орындау мерзімдеріне, әзірлеменің өтпелі тақырыбына, қаржыландыру көздеріне талдамалық шолу қамтылады.

17. Уәкілетті орган ҒТК қабылдаған шешімі туралы, ұсыныс-өтінімдерді берген мемлекеттік органдар мен ұйымдарға күнтізбелік 15 күн ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

18. Жоспар жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 маусымына дейін уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік 30 күн мерзімінде Интернет-ресурста және Қазақстан Республикасы стандарттарының кезекті ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

19. Уәкілетті орган Жоспардың қолданылу кезеңінде техникалық реттеуге мүдделі субъектілердің, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жазбаша ұсыныстары негізінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

20. Техникалық реттеуге мүдделі субъектілердің, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің ұсыныстарын уәкілетті орган Жоспарға ҒТК-ның шешімі негізінде енгізеді.

21. Уәкілетті орган ҒТК-ның қабылдаған шешімдері туралы ұсыныстарды берген техникалық реттеу субъектілеріне, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерге ҒТК-ның шешім қабылдаған сәтінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

22. Жоспарға енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар жылына кемінде 3 рет енгізіледі.

Мемлекеттік стандарттау  
жоспарларын әзірлеу  
қағидасына 1-қосымша  
нысан

## Мемлекеттік стандарттау жоспарларына берілетін ұсыныс-өтінім \_\_\_\_\_

өтінім берушінің толық атауы мен мекенжайы

| р/с № | МСЖ коды (МЖ ИСО/ИНФКО МСЖ) 001-96) | Әзірленетін стандарттау жөніндегі нормативтік құжат атауы | Әзірлеменің негіздемесі | Негізгі нормативтік база | Жұмыстарды орындау мерзімі |  | Қаржыландыру көзі | Ұсыныс-өтінімді берген өтініш беруші ұйым |
|-------|-------------------------------------|---|-------------------------|--------------------------|----------------------------|--|-------------------|---|
|       |                                     |   |                         |                          | әзірлеуді бастау           | жобаның соңғы редакциясын уәкілетті органға бекітуге ұсыну |                   |   |
| 1     | 2                                   | 3   | 4                       | 5                        | 6                          | 7  | 8                 | 9   |

201\_ жылға арналған ұсыныс-өтінімдер

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

201\_ жылға арналған ұсыныс-өтінімдер

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

201\_ жылға арналған ұсыныс-өтінімдер

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

\_\_\_\_\_ (басшының, басшы орынбасарының лауазымы) (жеке қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

\_\_\_\_\_ (орындаушының лауазымы) (жеке қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (орындаушының телефоны)

Мемлекеттік стандарттау  
жоспарларын әзірлеу  
қағидасына 2-қосымша  
нысан

## **Стандартты әзірлеуге арналған техникалық–экономикалық негіздеме \_\_\_\_\_**

жұмыстар түрінің атауы және стандарттың атауы

Техникалық–экономикалық негіздеме мыналардан тұруға тиіс:

стандарт жобасын және әзірленетін стандарттау объектісіне қойылатын талаптарды белгілеу қажеттілігі, өзектілігі, мақсатқа сәйкестігі туралы мәліметтер, олардың нақты негіздемесі (бұл ретте әзірленетін стандарт өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының дайындаушысы мен тұтынушысын қорғауға бағытталғаны туралы мәліметтер келтіру қажет);

дайындаушы мен тұтынушының әзірленетін стандарттау объектісіне мүдделілігі туралы мәліметтер және/немесе хат;

стандарттау объектісінің жай-күйі туралы мәліметтер және оның сипаттамасы

;

стандарттау объектісінің халықаралық, өңірлік және басқа да мемлекеттердің ұлттық стандарттары талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер;



|   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 3-бөлім Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуіштері   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 4-бөлім Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар шеңберінде стандарттар әзірлеу           |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 20 __ жылға арналған мемлекеттік стандарттау жоспары  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 1-бөлім Техникалық реттеу және метрология саласындағы негізге алынатын ұлттық стандарттарды әзірлеу |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 2-бөлім Экономика секторларында ұлттық стандарттарды әзірлеу  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 3-бөлім Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуіштері   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 4-бөлім Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар шеңберінде стандарттар әзірлеу           |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 20 __ жылға арналған мемлекеттік стандарттау жоспары  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 1-бөлім Техникалық реттеу және метрология саласындағы негізге алынатын ұлттық стандарттарды әзірлеу |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 2-бөлім Экономика секторларында ұлттық стандарттарды әзірлеу  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 3-бөлім Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуіштері   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 4-бөлім Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар шеңберінде стандарттар әзірлеу           |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |

**Ескертпе:**

1. 1-бағанда әзірленетін құжаттың реттік нөмірі көрсетіледі.
2. 2-бағанда стандарттардың мемлекетаралық жіктеуіші МЖ (ИСО/ИНФКО МСЖ) бойынша коды көрсетіледі.
3. 3-бағанда әзірленетін стандарттау жөніндегі нормативтік құжат жобасының атауынан кейін жұмыстардың мынадай түрлері көрсетіледі:
  - "Алғашқы рет" (жаңа стандарттау жөніндегі құжаттар үшін);
  - "ҚР СТ/МЕМСТ орнына" (ҚР СТ немесе МЕМСТ қайта қараған жағдайда);
  - "ҚР СТ өзгерту".
4. 4-бағанда жұмыстардың басым бағыттары, өзектілігі және нормативтік құқықтық актілер (мемлекеттік бағдарламалар, техникалық регламенттер және т.б.) көрсетіледі.
5. 5-бағанда жобаны әзірлеуде қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау жұмыстары, патенттік зерттеулер атаулары мен белгілері көрсетіледі.

